

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
М Әуезов атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІШ



**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

6B04140 «Қаржы»

Тіркеу нөмірі	6B04100008
ДБілім беру саласының коды және жіктелуі	6B04 Бизнес, басқару және құқық
Даярлау бағытының коды және атауы	6B041 Бизнес және басқару
Білім беру бағдарламаларының тобы	B046 Қаржы, экономика, банк және сақтандыру ісі
БББ түрі	қолданыстағы
ББХСЖ бойынша деңгейі	6
ҰБШ бойынша деңгейі	6
СЫШ бойынша деңгейі	6
Оқыту тілі	Қазақ, орыс, ағылшын
БББ еңбексыйымдылығы	240 кредит
БББ айырықша ерекшеліктері	
ЖОО-серіктенс (ББББ)	-
ЖОО-серіктес (ҚДБББ)	-
Әлеуметтік серіктес (ҚО)	-

Шымкент, 2025 ж.


Әзірлеушілер:

Ішкі беті

Т.А.Ж.	лауазымы	КОЛЫ
Айтымбетова А.Н.	э.ғ.к., каф. меңгерушісі	
Сапаралиев Т.Ж.	магистр, аға оқытушы	
Қадырбаева А.Ж	ЭФ-22-5к2 тобының студенті	
Сәдірбаева Д.М	ЭФ-22-5к2 тобының студенті	
Асқарова М.Қ.	"Нурдана-LTD" ЖШС директоры	
Балгинбаев Т.Д.	"Алтын Мира" ЖШС директоры	
Сағындықов П. З.	"Сағындықов и Компания" ЖШС директоры	
Бекебаева М.	"Жан Дауа" ЖШС директоры	
Сатыбалдиев Е.Т	"Медеулі" ЖШС директоры	

Білім беру бағдарламасы Бизнес және басқару ЖМ академиялық сапа жөніндегі комитет мәжілісінде қаралды,

« 17 » 03 2025ж. № 8 хаттама.

АК (комитет) төрағасы  Куланова Д.А.  
КОЛЫ

М. Әуезов атындағы ОҚУ оқу-әдістемелік кеңесінің отырысында қаралып, бекітуге ұсынылды

« 18 » 03 2025ж. № 4 хаттама.

ОӘК төрағасы  Е.И.Иманғалиев

Университеттің Ғылыми Кеңесінің шешімімен бекітілген

« 27 » 03 2025ж. № 10 хаттама.

## МАЗМҰНЫ

1.	Білім беру бағдарламасының тұжырымдамасы	4
2.	Білім беру бағдарламасының паспорты	6
3.	БББ бітіруші түлегінің құзыреттіліктері	9
3.1	БББ бойынша оқыту нәтижелерінің жалпы қалыптасатын құзыреттермен арақатынасы матрицасы	10
4.	Модульдер мен пәндердің оқыту нәтижелерін қалыптастыруға ықпалы мен еңбек көлемі туралы мәліметтер матрицасы	11
5	Білім беру бағдарламасының модульдері кескінінде меңгерілген кредиттер көлемін көрсететін жиынтық кесте	42
6.	Оқыту стратегиясы, әдістері және жасанды интеллект, бақылау және бағалау	43
7	БББ оқу-ресурстық қамтамасыз ету	44
	Келісу парағы	46
	1-қосымша. Жұмыс берушінің пікірі	
	2-қосымша. Сараптамалық қорытынды	
	3- қосымша Кәсіби стандарттар	

## 1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

<b>Университет миссиясы</b>	Жаңа құзыреттіліктерді қалыптастыру, зерттеушілік ойлау мен мәдениетті тарататын көшбасшы дайындау
<b>Университет құндылықтары</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Ашықтық – өзгерістерге, инновацияларға және ынтымақтастыққа ашық.</li> <li>• Шығармашылық – идеяларды тудырады, оны дамытады және құндылықтарға айналдырады.</li> <li>• Академиялық еркіндік – таңдау, даму және әрекет ету еркіндігі.</li> <li>• Серіктестік – барлығы жеңіске жететін және сенімділік пен қолдау тудыратын қарым-қатынасты құру;</li> <li>• Әлеуметтік жауапкершілік – міндеттемелерді орындауға, шешімдер қабылдауға және олардың нәтижелері үшін жауапты болуға дайын.</li> </ul>
<b>Түлек үлгісі</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Терең пәндік білім, оны кәсіби қызметте қолдану және үнемі кеңейту.</li> <li>• Жедел өзгермелі жағдайдағы ақпараттық-цифрлық сауаттылық және ұтқырлық;</li> <li>• Зерттеу дағдылары, шығармашылық және эмоционалдық интеллект.</li> <li>• Кәсіпкерлік, тәуелсіздік және өз қызметі мен әл-ауқатына жауапкершілік.</li> <li>• Жаһандық және ұлттық азаматтық, мәдениеттер мен тілдерге төзімділік.</li> </ul>
<b>БББ бірегейлігі</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Стейкхолдерлердің талаптарын ескере отырып түзетілген түлектің кәсіби құзыреттерін қалыптастыру арқылы өңірлік еңбек нарығына және әлеуметтік тапсырысқа бағдарлану.</li> <li>• Практикаға бағдарлану және сыни ойлау мен іскерлікті дамытуға, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауатты және бәсекеге қабілетті болуға және еңбек нарығында сұранысқа ие болуға мүмкіндік беретін кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға аса назар аудару.</li> </ul>
<b>Академиялық адалдық және әдеп саясаты</b>	<p>Университетте академиялық адалдық пен академиялық еркіндікті сақтау, кез келген төзімсіздік пен кемсітушіліктен қорғау шаралары қабылданды:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Академиялық адалдық ережелері (10.10.2022 ж. №212-нқ бұйрығы);</li> <li>– Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт (08.01.2025ж. №9-нқ бұйрығы);</li> </ul> <p>Әдеп кодексі (10.10.2022ж., №212-нқ бұйрығы);</p>
<b>БББ әзірлеудің нормативтік-құқықтық негіздері</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;</li> <li>2. ҚР БЖҒМ 30.10.2018 ж. №595 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» бұйрығымен және ҒЖЖБМ 24.06.2024ж. №307 бұйрығымен жаңа редакцияда бекітілген;</li> <li>3. ҚР БЖҒМ 31.10.2018ж. №600 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» бұйрығымен бекітілген және ҒЖЖБМ</li> </ol>

	<p>26.07.2024ж. №372 бұйрығымен жаңа редакцияда бекітілген;</p> <p>4. ҚР БЖҒМ 20.07.2022ж. №2 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» бұйрығымен бекітілген және ҒЖЖБМ 04.03.2025ж. №90 бұйрығымен жаңа редакцияда бекітілген;</p> <p>5. ҚР БЖҒМ 20.04.2011ж. №152 «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесі» бұйрығымен және ҒЖЖБМ 29.04.2024ж. №203 бұйрығымен жаңа редакцияда бекітілген;</p> <p>6.ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.12.2020ж. №553 «Басшылар, мамандар және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы» және 20.06.2024ж. №207 бұйрығымен жаңа редакцияда бекітілген</p> <p>7.Оқу процесіне ECTS принциптерін енгізу және академиялық еркіндікті кеңейту бойынша әдістемелік ұсыныстар. ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 12 ақпандағы № 57 бұйрығына қосымша</p> <p>8. ҚР ҒЖЖБМ жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығы директорының Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі Нұсқаулық, 04.05.2023 жылғы № 601 н/қ бұйрығының 1-қосымшасымен бекітілген</p>
<b>Білім беру процесін ұйымдастыру</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Болон процесінің принциптерін жүзеге асыру</li> <li>• Студентке бағытталған оқыту</li> <li>• Қол жетімділік</li> <li>• Инклюзивтілік</li> </ul>
<b>БББ сапасын қамтамасыз ету</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі</li> <li>• Стейкхолдерлерді БББ әзірлеуге және оны бағалауға тарту</li> <li>• Жүйелі мониторинг</li> <li>• Мазмұнды өзектендіру (жаңарту)</li> </ul>
<b>Оқуға түсушілерге қойылатын талаптар</b>	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес ҚР БҒМ 31.10.2018 жылғы №600 бұйрығына 02.06.2023ж. №252 бұйрығымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулар
<b>Мүгедектігі және ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларға арналған білім беру бағдарламаларын іске асыру шарттары</b>	Ерекше білім беруді қажеттетін және мүмкіндігі шектеулі білім алушылар үшін оқу ғимараттары мен студенттік жатақханаларда тактильді ПВХ плиткалары, арнайы жабдықталған дәретханалар, мнемоникалық схемалар, душ бөлмелерінде штангалар орнатылған. Автотұрақта арнайы орындар жасалған. Шынжыр табанды көтергіш орнатылған. Қозғалысы шектеулі адамдарға (ҚША) арналған үстелдер, қозғалыс бағытын көрсететін белгілер, пандустар қойылған. Оқу корпусында (бас ғимарат, № 8 ғимарат) тірек-қимыл аппараты (ТҚА) бұзылыстары бар пайдаланушылар үшін бейімделген алты жұмыс орны бар 2 бөлме жабдықталған. Көру қабілеті нашар пайдаланушылар үшін SARA™ CE машинасы (2 дана) кітаптарды сканерлеу және оқу үшін қолжетімді. Кітапхананың веб-сайты нашар көретіндерге бейімделген арнайы NVDA аудио бағдарламасы қызмет

	<p>көрсетеді. ББАО сайты <a href="http://lib.ukgu.kz/">http://lib.ukgu.kz/</a> тәулік бойы жұмыс істейді.</p> <p>Оқу процесін ұйымдастыруда және сабақтардың барлық түрлерінде жеке сараланған тәсіл қарастырылған.</p>
--	---

## 2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

<b>БББ мақсаты</b>	Теориялық және практикалық білімді, қажетті әдістер мен құралдарды меңгерген, қаржы саласының қазіргі жағдайын бағалай және талдай алатын бәсекеге қабілетті бакалавр қаржыгерлерді дайындау
<b>БББ міндеттері</b>	<p>-қоғамда әлеуметтік-жауапты мінез-құлықты қалыптастыру, кәсіби этикалық нормалардың маңыздылығын түсінуі және осы нормаларды ұстануы;</p> <p>-өмір бойы оқуды жалғастыруға, олардың кәсіби мансабы бойы өзгермелі жағдайларға табысты бейімделуге мүмкіндік беретін базалық бакалавр даярлығын қамтамасыз ету;</p> <p>-дамудың жоғары жалпы зияткерлік деңгейін алу үшін жағдайларды қамтамасыз ету, сауатты және дамыған сөйлеу мәнерін, ойлау мәдениетін және қаржы және кәсіпкерлік саласында еңбекті ғылыми ұйымдастыру дағдыларын, әртүрлі меншік нысанындағы кәсіпорындардың қаржыларын басқару және ұйымдастыру меңгеру;</p> <p>-мамандық бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігін қамтамасыз етуі үшін зияткерлік, жеке тұлғалық, рухани, эстетикалық дамуы үшін жағдай жасау немесе оқытудың келесі деңгейлерінде оқуды жалғастыруы.</p> <p>-ОДМ контекстінде халықтың әл-ауқатын арттыруға және планетаны қорғауға саналы көзқарасты, сұранысқа ие білім мен дағдыларды қалыптастыру үшін жағдай жасау</p>
<b>БББ үйлесімділігі</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберінің 6-шы деңгейі;</li> <li>• 6 -шы біліктілік деңгейінің Дублин дескрипторлары;</li> <li>• Еуропалық жоғары білім кеңістігі біліктілік шеңберінің 1-ші циклі (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area);</li> <li>• Өмір бойы білім алудың Еуропалық біліктілік шеңберінің 6-деңгейі (The European Qualification Framework for Life long Learning).</li> </ul>
<b>БББ кәсіби саламен байланысы</b>	<p>- Кәсіби стандарт: «Қаржы менеджменті» («Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 263 бұйрығымен бекітілген – 94-қосымша)</p> <p>-Кәсіби стандарт: «Инновациялық жобаны қаржыландыру» («Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 259 бұйрығымен бекітілген – 14-қосымша)</p> <p>- Кәсіби стандарт: «Тәуекелдерді басқару» («Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 263 бұйрығымен бекітілген – 90-қосымша).</p>
<b>Берілетін дәреженің</b>	Білім беру бағдарламасын сәтті аяқтағаннан кейін бітірушіге :«6B04140 -Қаржы» білім беру бағдарламасы

<b>атауы</b>	бойынша бизнес және басқару бакалавры дәрежесі беріледі.
<b>Біліктілік пен лауазымдар тізімі</b>	Осы БББ бітірушіге «БВ04140 -Қаржы» білім беру бағдарламасы бойынша бизнес және басқару бакалавры дәрежесі беріледі. БББ бакалаврлары қаржы бойынша жетекші және бас маманы, сондай-ақ несие менеджері, қаржы талдаушысы лауазымында республикалық, өңірлік және жергілікті деңгейдегі мемлекеттік органдарда, екінші деңгейдегі банктерде, биржаларда, сақтандыру компанияларында, инвестициялық қорларда, ҚР Қаржы министрлігінде, ҚР Ұлттық Банкінде, әртүрлі меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда бастапқы қызметтерді атқара алады.
<b>Кәсіби қызмет саласы</b>	Кәсіби қызмет саласы болып түлектердің тиісті ұйымдарда және мекемелерде, салаларда қаржылық-талдау, сақтандыру, инвестициялық, басқарушылық, салықтық-бақылаушы және өзге де кәсіби қызметті жүзеге асыруы болып табылады
<b>Кәсіби қызметтің объектілері</b>	ҚР Қаржы министрлігі, ҚР Ұлттық экономика министрлігі, ҚР Ұлттық Банкі, министрліктер мен ведомстволардың қаржы-экономикалық қызметтері, сонымен қатар, екінші деңгейлі банктер, сақтандыру, зейнетақы, лизингтік компаниялар, ломбардтар, кредиттік серіктестіктер, биржалар, бюджеттік мекемелер мен ұйымдар, инвестициялық қорлар, түрлі ұйымдық-құқықтық нысандағы шаруашылық субъектілер, экономикалық соттар болып табылады
<b>Кәсіби қызмет пәні</b>	-ҚР екінші деңгейлі банктерінің шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасауы және талдауы; -Жеке және заңды тұлғалардың бағалы қағаздар портфелін жүргізуі және басқаруы; -ҚР Салық кодексіне сәйкес салық саясатын және салықтық әкімшіліктендіруді жүзеге асыра білуі; -Сақтандыру нарығына қатысушылардың есептері мен келісім шарттарын жасай білуі; -Бизнес- жобаларды жүзеге асыруда қаржылық жоспарлау мен болжауды жүргізе білуі; -Екінші деңгейдегі банктерде кредиттік үдеріске ілесіп жүретін шарттарды және өзге де құжаттарды жасауы және жүргізуі.
<b>Кәсіби қызмет түрлері</b>	-Ұйымдастырушылық-басқарушылық; -Есептік-жобалық; -Экспериментальды-зерттеуші; -Экономикалық; -Талдау; -Кеңес беру.
<b>Оқыту нәтижелері</b>	ОН 1 Академиялық адалдық мәдениетімен академиялық жазу принциптерін ескере отырып, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде кәсіби ортада және қоғамда еркін жеткізу

	<p>ОН 2 Дүниетанымдық, азаматтық және рухани ұстанымдарды қалыптастыру, ғылыми және эксперименттік зерттеу және жасанды интеллект әдістерін қолдану негізінде қоғамдық, жаратылыстану-ғылыми, әлеуметтік-мәдени, кәсіби дамуды көрсету</p> <p>ОН 3 Қаржылық технологиялардағы ақпараттық, аналитикалық және цифрлық сауаттылықты көрсете білуі.</p> <p>ОН 4 Ақша айналымын және қаржыны ұйымдастыру саласында іргелі экономикалық дағдыларды, тұтастай алғанда елдің қаржы жүйесін, оның жекелеген салалары мен буындарын ұйымдастыру және жұмыс істеу негіздерін меңгеру.</p> <p>ОН 5 Қаржы және несиесі саласында отандық және шетелдік тәжірибені пайдалану, қазіргі заманғы қаржы жүйесінің құрылымы, субъектілері, заңдылықтары мен динамикасы туралы деректерді талдауды жүзеге асыру.</p> <p>ОН 6 Салықтық-бюджеттік жоспарлау және ҚР бюджетіне салықтардың, алымдардың және басқа да мемлекеттік төлемдердің барлық түрлерін есептеу әдістерін қолдану.</p> <p>ОН7 Банктік және сақтандыру бизнесі саласында кеңес беруді жүзеге асыруы, әлеуетті қарыз алушылардың несиелік қабілетін бағалай білуі, қаржылық-несиелік операциялардың мәнін негіздеуде меңгеруі.</p> <p>ОН 8 Кәсіпорындарда, экономиканың мемлекеттік және жеке секторларының ұйымдарында маркетингтік және қаржылық-экономикалық құралдарды пайдалану туралы тиімді басқарушылық шешімдер қабылдау.</p> <p>ОН 9 Қаржылық жоспарлауды, инвестициялық жобаларды, бизнес-жоспарларды, кәсіпорындар мен мемлекеттің перспективалық және ағымдағы жоспарларын басқаруда және мазмұнында негізгі тәсілдерді қолдану.</p> <p>ОН 10 Зерттеу, кәсіпкерлік дағдыларын және тәуекелдерді басқару дағдыларын қолдану. Жұмысты өз бетінше және команда мүшесі ретінде құра білуі, кәсіби жетістікке ұмытыла білуі</p>
--	---

### 3 БББ ТҮЛЕКТЕРІНІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ

**ЖАЛПЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР (SOFT SKILLS).** Мінез-құлық дағдылары және тұлғалық қасиеттер

ЖҚ 1. Өзінің сауаттылығын басқару құзыреттілігі

ЖҚ1.1. Таңдаған траекторияда және пәнаралық ортада өздігінен білім алу, өзін-өзі дамыту және білімін үнемі жаңартып отыру қабілеті.

ЖҚ1.2. Кәсіби салада ойын, сезімін, фактілер мен пікірлерін айта білу.

ЖҚ1.3. Заманауи әлемде ұтқырлық және сыни ойлау қабілеті.

ЖҚ 2. Тілдік құзыреттілік

ЖҚ2.1. Мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде коммуникациялық бағдарламаларды құра білу қабілеті.

ЖҚ2.2. Мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайында тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жасау қабілеті.

ЖҚ 3. Математикалық құзыреттілігі және ғылым саласындағы құзыреттілігі

ЖҚ3.1. Кәсіби міндеттерді шешуде жоғары оқу орнында математикалық, жаратылыстану-ғылыми, техникалық пәндерді оқу барысында алған білім беру әлеуетін, тәжірибесін және жеке қасиеттерін қолдана білу қабілеті мен дайындығы.

ЖҚ 4. Цифрлық құзыреттілік, технологиялық сауаттылық

ЖҚ4.1. Өмірінің барлық салаларында мен кәсіби қызметінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру және пайдалану арқылы ақпараттық сауаттылығын көрсету және дамыту қабілеті.

ЖҚ4.2. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әртүрлі түрлерін: интернет ресурстарын, ақпаратты іздеу, сақтау, қорғау және тарату бойынша бұлттық және мобильді қызметтерді пайдалану қабілеті.

ЖҚ 5. Жеке, әлеуметтік және оқу құзыреттіліктері

ЖҚ5.1. Дене шынықтыру әдістері мен құралдары арқылы толыққанды әлеуметтік және кәсіби іс-әрекетті қамтамасыз ету үшін физикалық өзін-өзі жетілдіру және салауатты өмір салтына бағдарлау қабілеті.

ЖҚ5.2. Азаматтық пен адамгершіліктің көрінісі негізінде әлеуметтік-мәдени дамуға қабілеті.

ЖҚ5.3. Өзін-өзі дамыту, мансаптық өсу және кәсіби табысқа жету үшін өмір бойы жеке білім беру траекториясын құру қабілеті.

ЖҚ5.4. Оқу, жұмыс кезінде, үйде және бос уақытта барлық әлеуметтік-мәдени контексттердің әртүрлілігінде табысты өзара әрекеттесу қабілеті.

ЖҚ 6. Кәсіпкерлік құзыреттілік

ЖҚ6.1. Әртүрлі ортада шығармашылық және іскерлік көрсеті қабілеті.

ЖҚ6.2. Белгісіздік режимінде және тез өзгеретін мақсат жағдайында жұмыс істеу, шешім қабылдау, ресурстарды бөлу және өзінің уақытын басқару қабілеті.

ЖҚ6.3. Тұтынушылардың сұраныстарымен жұмыс істеу қабілеті.

ЖҚ 7. Мәдени хабардарлық және өз

ЖҚ7.1. Дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын көрсету қабілеті.

ойын жеткізе білу  
қабілеті

ЖҚ7.2. Әлемнің басқа халықтардың салт-дәстүріне, мәдениетіне толерантты болу, жоғары рухани қасиеттерге ие болу қабілеті.

### КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕР (HARD SKILLS).

Дайындаудың осы бағыты үшін тиіст,арнайы теориялық білімдер және тәжірибелік дағдылар,қабілеттер

*КҚ-1* әртүрлі меншік нысанындағы кәсіпорындардың, ұйымдардың, ведомстволардың есептілігіндегі қаржылық, бухгалтерлік және өзге де ақпаратты талдау және түсіндіру және алынған мәліметтерді басқару шешімдерін қабылдау үшін пайдалану қабілеті;

*КҚ-2* кәсіпорындар мен ұйымдардың, сондай-ақ мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қаржы-шаруашылық қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлеу және іске асыру қабілеті;

*КҚ-3* - нарықтық экономиканың қазіргі жағдайларында коммерциялық банкті одан әрі тиімді басқару үшін қаржылық есептілікті, көрсеткіштер негізінде екінші деңгейдегі банктердің қызметін талдау қабілеті;

*КҚ-4* - салықтық жоспарлау мен бюджеттік шығыстарды қаржыландырудың негізгі тәсілдерін (сметалық қаржыландыру, нормативтік қаржыландыру, нәтижеге бағдарланған бюджеттеу, бағдарламалық-нысаналы бюджеттеу және т. б.) ажырату білу және түсіну қабілеті.

*КҚ-5* – Қазақстанның қаржы нарығының дамуын, қазіргі инвестициялық климаттың жағдайын талдау және бағалау қабілеті, бағалы қағаздардың кіріс портфелін қалыптастыруы

### 3.1 БББ бойынша оқыту нәтижелерінің жалпы қалыптасатын құзыреттермен арақатынасы матрицасы

	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10
ЖҚ1	+	+		+						
ЖҚ2	+		+		+					
ЖҚ3		+	+			+	+	+		+
ЖҚ4		+	+				+			+
ЖҚ5	+	+			+		+	+	+	
ЖҚ6				+	+	+	+	+	+	+
ЖҚ7	+	+			+					
ЖҚ8					+	+	+	+	+	+
КҚ1			+			+	+	+		
КҚ2					+	+			+	+
КҚ3					+	+	+			
КҚ4		+	+		+	+	+	+	+	+
КҚ5					+	+	+	+	+	+

**4 Модульдер мен пәндердің оқыту нәтижелерін қалыптастыруға ықпалы мен еңбек көлемі туралы мәліметтер матрицасы**

№	Модулдің аталуы	ЦИК Л	ЖК/ТК	Компоненттің аталуы	Модулдің аталуы	Кредиттер саны	ОН	ОН	ОН	ОН	ОН	ОН	ОН	ОН	ОН	ОН	
							1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	
1	Қоғамдық ғылымдар негіздері	ЖБП		Қазақстан тарихы	<p><b>Пәннің мақсаты</b> - Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін, заңдылықтарын және өзіндік ерекшеліктерін терең түсіну және ғылыми талдау негізінде Қазақстан тарихының объективті білім беру.</p> <p><b>Мазмұны.</b>Ежелгі адамдар және көшпелі өркениеттің қалыптасуы. Түркі өркениеті және Ұлы дала. Қазақ хандығы.Жаңа заман дәуіріндегі Қазақстан.Қазақстан кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйенің құрамында.Қазақстан тәуелсіздігінің жариялануы. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылысы, қоғамдық-саяси даму, сыртқы саясаты және халықаралық қатынастары.Қазақстан тарихындағы оқиғалардың себеп-салдарын талдаудың тарихи суреттеу әдістері мен тәсілдері.</p>	5		v									
2		ЖБП		Философия	<p><b>Мақсаты.</b> Студенттердің философияны дүниені танып-білудің ерекше формасы ретінде түсінуін қалыптастырып, оларға келешек кәсіби қызметтері аясында оның негізгі тараулары, мәселелері мен әдістері туралы тұтас білім беру.</p>	5		v									

				<p>Сондай-ақ студенттердің бойында философиялық рефлексияны, өзін-өзі сараптау және адамгершіліктік өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Мазмұны.</b> Ойлау мәдениетінің пайда болуы. Философияның пәні мен әдісі. Дүниені философиялық түсінудің негіздері: сана, рух және тіл мәселелері. Болмыс. Онтология және метафизика. Таным және шығармашылық. Білім, ғылым, техника және технологиялар. Адам философиясы және құндылықтар әлемі. Этика. Құндылықтар философиясы. Эстетика пәні философиялық білім саласы ретінде. Еркіндік философиясы. Өнер философиясы. Тарих философиясы. Дін философиясы. «Мәңгілік Ел» және «Рухани жаңғыру» – жаңа Қазақстан философиясы.</p>											
3	Әлеуметтік-саяси білімдер	ЖБП	Әлеуметтану және саясаттану	<p><b>Мақсаты.</b> Қоғамдық-саяси қызмет туралы білімдерін қалыптастыру, қоғамдық-саяси процестер мен құбылыстарды түсіндіру.</p> <p><b>Мазмұны.</b> Қоғамның әлеуметтік-этикалық құндылықтары. Әлеуметтік, саяси, мәдени, психологиялық институттардың ерекшеліктерін олардың қазақстандық қоғамды жаңғыртудағы рөлі контекстінде түсіну. Қоғамдағы, соның ішінде кәсіби қоғамдағы жанжалды жағдайларды шешуге шешім қабылдау. Саяси институттар мен</p>	4		v								

				процестерді зерттеу, саясат, билік, мемлекет және азаматтық қоғам туралы идеяларды талдау және түсіндіру әдістері, социологиялық, салыстырмалы талдау әдістері мен әдістерін түсіну және қолдану, қазіргі әлемдегі саяси жағдайдың мәні мен мазмұнын түсіну. Әлеуметтену, бірегейлік және девиантты мінез-құлық; инклюзивті тәсілдің рөлі											
4	ЖБП	Мәдениеттану және психология	<p><b>Мақсаты:</b> тарих, қазіргі тенденциялар, мәдениет пен психологияны дамытудың өзекті мәселелері мен әдістері туралы ғылыми білімдерін, психологиялық құбылыстарды жүйелі талдау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>1. Мазмұны:</b> Мәдениеттің морфологиясы, тілі, семиотикасы, анатомиясы. Көшпелілер, прототүркілер, түріктер мәдениеті. Орталық Азияның ортағасырлық мәдениеті. XVIII – XIX ғасырлар тоғысындағы қазақ мәдениеті, XX ғ. Қазақстанның мәдени саясаты. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы. Ұлттық сана, мотивация. Эмоциялар, интеллект. Адамның еркі, өзін-өзі реттеу психологиясы. Жеке типологиялық ерекшеліктері. Құндылықтар, мүдделер, нормалар рухани негіз болып табылады. Өмірдің мәні, кәсіби өзін-өзі анықтау, денсаулық. Жеке тұлға мен топтың қарым-</p>	4	v										

				<p>қатынасы. Әлеуметтік-психологиялық конфликт. Қақтығыс кезіндегі мінез-құлық үлгілері. Қазіргі қоғамдағы инклюзивті мәдениеттің әлеуметтік-психологиялық негіздер мен дамуы</p> <p>2. Ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларды кәсіби бейімдеудің психологиялық ерекшеліктері мен шарттары</p> <p>3. Психологиялық қолдау және толеранттылық –ерекше қажеттіліктері бар адамдардың әлеуметтік интеграциясы ретінде</p> <p>4. Қазіргі қоғамдағы ерекше қажеттіліктері бар тұлғалардың өзара іс-әрекетіндегі әлеуметтік-психологиялық кедергілер.</p>												
5	Әлеуметтік-этникалық даму	ЖБП	ЖК	Экожүйе және құқық	<p><b>Мақсаты:</b> Қоғамның тұрақты дамуына қол жеткізу үшін экономика, құқық, экология және тіршілік қауіпсіздігі, ғылыми зерттеу әдістері саласында интеграцияланған білімді қалыптастыру.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Адам мен табиғаттың қауіпсіз өзара іс-қимылының, экожүйелер мен биосфераның өнімділігінің негіздері. Қазақстанның тұрақты даму мақсаттары шеңберінде ресурстардың шектеулілігі жағдайындағы қоғамның кәсіпкерлік қызметі, бизнес пен ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Экологиялық</p>	5		v								

				<p>мәселелер мен тұрақты даму принциптерін жүйелі түсіну. Қазақстандық құқықты, субъектілердің міндеттері мен кепілдіктерін білу, әлеуметтік прогресті қамтамасыз ету үшін қоғамдық қатынастарды мемлекеттік реттеуді білу және сақтау. Инклюзия-халықаралық заңнаманың стратегиясы. Жасанды интеллекттің құқықтық негіздері.</p>												
		ЖБП	ЖК	<p>Кәсіпкерлік және қаржылық сауаттылық</p>	<p><b>Мақсаты:</b> Қаржылық әл ауқатқа жету үшін маңызы бар жеке және отбасылық қаржылық ресурстарды басқаруды, кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыруды дағдыларын оқыту.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Кәсіпкерлік: мәні, мазмұны қалыптасу шарттары. Кәсіпкерліктің ұйымдастыру-құқықтық түрлері. Кәсіпкерліктегі тәуекелділік. Кәсіпкерліктегі бизнес-жоспарлау. Кәсіпкерлік келісімдерді ұйымдастыру. Кәсіпкерліктегі мәдениет және этика. Кәсіпкерлік қызметің қаржыландыру. Қаржылық сауаттылық түсінігі, мақсаттары мен міндеттері. Ақша, есеп айырысу және төлемдер. Жеке қаржы: кіріс, шығыс, бюджет. Салықтар және жеке тұлғаларға салық салу. Зейнетақылар және сақтандыру. Халыққа банктік қызмет көрсету. Жеке тұлғалардың банкроттығы және қаржылық тәуекелдер. Қаржылық пирамида және жеке қаржылық қауіпсіздік.</p>		v									

6		БП	ТК	Абайтану	<p><b>Мақсаты:</b> А.Құнанбайұлы арқылы «Қазақтану» жобасындағы «ұлттық кодты» сақтау мен дәріптеу</p> <p><b>Мазмұны:</b> ХІХ-ХХғ. Қазақстан тарихына, қазақ әдебиетіне тарихи шолу жасау. Абайтану саласының дамуындағы ХХ-ХХІ ғасырдың абайтанушылардың еңбектері. Абайдың шығармашылығының хронологиясы. Абай - қазақ халқының ұлы ақыны, этнограф, қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы. Абай - «Қарамола Ережесі» заңдар жинағының құрастырушысы, қоғамдық маңыздылығы. Абай - ойшыл, дінтанушы, философ.</p> <p>Абай білім және ғылым саласындағы рөлі, «Толық адамды» қалыптастыру идеясы. Абайдың аудармалары, поэмалары, «Қара сөздері», «Абай жолы» роман-эпопея. Қ.Тоқаев «Абай және Қазақстан ХХІ ғасырда» маңыздылығы</p>	3		v								
7		БП	ТК	Мұхтартану	<p><b>Мақсаты:</b> Әдебиет тарихы, ұлтжандылық және мәдени-рухани ұстаным контекстінде М.Әуезов шығармашылығы туралы тарихи, әдеби түсінік қалыптастыру. Көркем ой-өрісін, өз бетімен ізденушілік әрекет дағдыларын дамыту.</p> <p><b>Пән мазмұны:</b> М.Әуезовтің Семей, Ташкент, Санкт-Петербург кезеңіндегі өмірі мен шығармашылық жолы. «Шолпан», «Абай» журналдарындағы</p>		v									

				М.Әуезовтің қызметі. М. Әуезовтің публицистикасы. «Қорғансыздың күні», «Қыр суреттері», «Оқыған азамат», «Көксерек» әңгімелеріне, «Еңлік-Кебек» пьесасына, «Қилы заман», «Қараш-қараш» оқиғасы» повестеріне, «Абай Құнанбаев» монографиясына, «Абай жолы» роман-эпопеясына шолу жасау														
9		БП	ТК	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері/	<p><b>Мақсаты:</b> сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды, тұлғаның берік адамгершілік негіздерін, азаматтық ұстанымын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықтың орнықты дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Құқықтық нигилизмді еңсеру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама саласында білім алушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлыққа саналы көзқарасты қалыптастыру.Сыбайлас жемқорлық мінез-құлқынан, сыбайлас жемқорлық моралінен, этикасынан адамгершілік тұрғыдан бас тарту.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл үшін қажетті дағдыларды игеру.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандартын жасау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихаттау, заңдылық, заңға құрмет идеяларын тарату.Сыбайлас жемқорлықтың табиғатын түсінуге, оның көріністерінен әлеуметтік шығындарды сезінуге, өз ұстанымын</p>		v											

					дәлелді қорғай білуге, сыбайлас жемқорлықтың көріністерін еңсеру жолдарын іздеуге бағытталған қызмет.													
10		БП	ТК	Жасанды интеллект негіздері	<p><b>Мақсаты</b>—AI-Sana бағдарламасының басымдықтарын ескере отырып, жасанды интеллект құралдары мен әдістерін практикалық қолдану және білімді пайдалану саласында құзыреттіліктерді қалыптастыру.</p> <p><b>Мазмұны.</b>Жасанды интеллектке (AI) кіріспе. Практикалық дағдылар мен дағдыларды дамыту: AI құралдарын қолдану; үлкен тілдік модельдермен (LLM) жұмыс істеу; кодсыз жасанды интеллект платформаларын пайдалану; генеративті жасанды интеллект құралдары; кескінді тану; табиғи тілді өңдеу (NLP); AI көмегімен деректерді визуализациялау. Әртүрлі салаларда AI қолдану туралы түсінікке ие болу; AI-sana бағдарламасының тәсілдерін интеграциялау арқылы AI әлеуетін ашу.</p>													
11	Коммуникация және дене мәдениеті модулі	ЖБП		Қазақ (орыс) тілі	<p><b>Мақсаты:</b> қазақ (орыс) тілінде қоғамдық өмір және әлеуметтік-мәдени, кәсіби салаларында коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырып, академиялық мәтіндер жазу қабілетін жетілдіреді.</p> <p><b>Мазмұны:</b> A1, A2, B1, B2-1, B2-2 (B2, C1 орыс тілі ) деңгейлері</p>	10	v											

				халықаралық стандарттағы қарым-қатынас аясынан, тақырыптардан, тақырыпшалардан және типтік жағдаяттарынан тұратын когнитивтік-лингво мәдени кешендер: әлеуметтік тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, кәсіптік білім беруде үлгіленген формалар бойынша ауызша және жазбаша қарым-қатынас, жазбаша сөйлеу жұмыстары, тыңдалым түрінде ұсынылған. Білім беру бағдарламасы бойынша мәтіндердегі тілдік материалды түсінгенін көрсету, терминологияны білу және сын тұрғысынан ойлауды дамыту											
12		ЖБП	Шетел тілі	<p><b>Мақсаты</b> – А2 жеткілікті деңгейінде және В1 базалық жеткіліктілік деңгейінде шет тілін оқыту үдерісінде студенттердің мәдениетаралық және коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру. Егер бастапқыда тіл деңгейі жалпы еуропалық құзыреттілік В1 деңгейінен жоғары болса, студент жалпы еуропалық құзыреттің В2 деңгейіне жетеді..</p> <p><b>Мазмұны.</b> А1, А2, В1, В2 деңгейлері халықаралық стандарттағы қарым-қатынас аясынан, тақырыптардан, тақырыпшалардан және типтік жағдаяттарынан тұратын когнитивтік-лингвомәдени кешендер: әлеуметтік тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, кәсіптік білім беруде үлгіленген формалар</p>	10	v									

				бойынша ауызша және жазбаша қарым-қатынас, жазбаша сөйлеу жұмыстары, тыңдалым түрінде ұсынылған. Білім беру бағдарламасы бойынша мәтіндердегі тілдік материалды түсінгенін көрсету, терминологияны білу және сын тұрғысынан ойлауды дамыту.													
13		ЖБП	Дене шынықтыру	<p><b>Пәннің мақсаты:</b> кәсіби қызметке дайындалу үшін денсаулықты сақтауды, нығайтуды қамтамасыз ететін дене шынықтыру құралдары мен әдістерін мақсатты түрде пайдалану қабілеттілігі мен әлеуметтік-жеке құзыреттіліктерін қалыптастыру; болашақ еңбек қызметінде физикалық жүктемелердің, жүйке-психикалық стресстердің және қолайсыз факторлардың тұрақты төзімділігін қалыптастырады.</p> <p><b>Пәннің мазмұны.</b> Дене шынықтыру-сауықтыру және жаттығу бағдарламаларын іске асыру. Жалпы дамыту және арнайы жаттығулар кешені. Спорттың түрлері. Сабақ процесінде бақылау және өзін-өзі бақылау. Жарыстардың төрешілері, кәсіптік-қолданбалы дене шынықтыру даярлығының құралдары. Қазіргі заманғы сауықтыру жүйелері: А.Стрельникова, К.Бутейко, К.Динейка бойынша тыныс алу жүйесі, Бубновский бойынша буын гимнастикасы.</p>	8												v

14	БП	ЖК	Кәсіби қазақ (орыс) тілі	<p><b>Мақсаты:</b> кәсіби маңызды жағдайларда қарым-қатынасты барабар құра алатын және арнайы мақсатта тіл нормаларын меңгерген маманның кәсіби бағдарланған тілдік даярлығын қамтамасыз ету.</p> <p><b>Мазмұны:</b>Кәсіби тіл және оның құрамдас бөліктері. Кәсіби терминология ғылыми стильдің негізгі белгісі. Оқу-кәсіптік және ғылыми-кәсіптік салалардағы ғылыми лексика және ғылыми конструкциялар. Мамандық бойынша ғылыми мәтіндерді құрастыру және талдау бойынша жұмыс алгоритмі. Ғылыми-кәсіби мәтіндерді құрастыру. Болашақ кәсіби қызмет шеңберіндегі іскерлік коммуникация және құжаттама негіздері.</p>	3	v												
15	БП	ЖК	Кәсіби бағытталған шетел тілі	<p><b>Мақсаты:</b> Біліктілікті арттырудың әртүрлі салаларында шет тілін одан әрі қолдануға мүмкіндік беретін құзыреттерді меңгеру және экономика саласындағы кәсіби терминдерді білу.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Экономикалық орта. Экономикалық ортаға әсер ететін факторлар. Экономика және интеграция. Маркетинг және менеджмент принциптері. Кәсіпкерлік және кәсіпкерлікті жүргізу негіздері. Логистика және жарнама. Ақшаның функциялары және пайданың қалыптасу көздері. Қаржы жүйесі және оның құрамдас бөліктері. Қаржылық</p>	3	v												

				операциялардың түрлері. бюджет жүйесі. Банк жүйесі. Салық салу теориясы және ұйымдастыру. Халықаралық сауда саясаты. Еуропалық ақша-несие саясаты. Халықаралық сауда. Тарату арналары және логистика.												
16	ЖБП	Ақпараттық - коммуникациялық технологиялар (ағыл.тілінде)	<p><b>Мақсаты:</b> процестерді, ақпаратты іздеу, сақтау және өңдеу әдістерін, цифрлық технологиялар арқылы ақпаратты жинау және беру әдістерін сыни тұрғыдан бағалау және талдау қабілетін қалыптастыру. Жаңа «цифрлық» ойлауды дамыту, түрлі іс-әрекеттерде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану бойынша білім мен дағдыларды меңгеру.</p> <p><b>Мазмұны</b> Компьютерлік жүйелердің кіріспесі және архитектурасы. Бағдарламалық қамтамасыз ету. ОЖ. Адамның компьютермен әрекеттесуі. Мәліметтер базасы жүйелері. Мәліметтер қорын басқару. Желілер және телекоммуникациялар. Киберқорғау. Интернет технологиялары. Бұлтты және мобильді технологиялар. мультимедиялық технологиялар. ақылды технологиялар. Электрондық технологиялар. Электронды бизнес. Электрондық бақылау.</p>	5			v									

17	Экономикалы қ- математикал ық дайындық негіздері модулі	БП	ЖК	Экономикадағ ы математика	<p><b>Мақсаты:</b> Студенттерде экономикалық есептердің математикалық моделін құру дағдыларын және оны шешу жолдарын қалыптастыру.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Экономикадағы математиканың негізгі іргелі ұғымдары түсіндіріледі: матрицалар мен детерминанттар, сызықтық алгебралық теңдеулер мен теңсіздіктер жүйелері, векторлар мен оларға қолданылатын амалдар, экономикалық талдаудағы дифференциалдық есептеулер, экономикалық-математикалық модельдеу, қолданбалы математикалық модельдер, ресурстарды қолданудың тиімділігі, көліктік есептерді шешу жолдары, бизнес жоспар құру моделдері, ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистиканың негізгі түсініктері, корреляция-регрессиялық талдау элементтері..</p>	4			v	v							
18		БП	ЖК	Экономикалық теория	<p><b>Мақсаты:</b> қоғам дамуының экономикалық заңдылықтары және оның тиімді жұмыс істеу мәселелері туралы білім жүйесін қалыптастыру.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Экономика қоғам өмірінің саласы ретінде. Қоғамдық өндіріс. Меншік қатынастары және оның экономикадағы рөлі. Қоғамдық өндірістің нысандары. Нарық экономикалық қатынастар жүйесі ретінде. Сұраныс пен ұсыныс</p>	4			v	v							

				теориясы. Кәсіпкерлік. Өндіріс шығындары. Капитал: мәні және нысандары. Өндіріс факторлары. Ұлттық экономика. Макроэкономикалық көрсеткіштер. Жиынтық сұраныс және жиынтық ұсыныс. Экономиканың циклдік дамуы. Инфляция және жұмыссыздық. Ақша-несие және қаржы саясаты. Мемлекеттің фискальды саясаты. Өлеуметтік саясат оның бағыттары мен қызметтері. Өлемдік шаруашылық											
19	БП	ТК	Мамандыққа кіріспе	<p><b>Пәннің мақсаты:</b> Қаржы мен несиенің теориялық аспектілері, мемлекет пен кәсіпорындардың ақша-несие, қаржылық, бюджеттік және салық жүйелерінің қызмет ету негіздері бойынша жинақталған білім алу.</p> <p><b>Пәннің мазмұны:</b> Ақшаның мәні мен функциялары. Ақша айналымы және ақша жүйелері. несиелік жүйе. Қаржының теориясы және ұйымдастырылуы. Қазақстан Республикасының қаржы жүйесін ұйымдастыру. Мемлекеттік қаржы саясаты. Банктер және олардың экономикадағы рөлі. Мемлекеттік бюджеттің рөлі мен функциялары. Салықтардың функциялары. Қазақстан Республикасының банк жүйесінің рөлі. Қаржы нарығының құрамдас бөліктері. Сақтандыру мәні және оның саласы</p>	4		v		v						
20	БП	ТК	Академиялық	<b>Құрстың мақсаты</b> – аналитикалық мәтіндік әрекетке байланысты кәсіби			v		v						

			жазу негіздері	<p>құзыреттілікті қалыптастыру және коммуникативтік құзыреттілігін кеңейту; студенттердің тілдік және прагматикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру, тілдің экспрессивтік бірліктерін талдай білу және қарым-қатынас мақсаты мен шарттарына байланысты қажетті бірлікті сауатты таңдай білу.</p> <p><b>Мазмұны.</b> Академиялық жазудың негізгі жанрлары (реферат, рецензия, аналитикалық шолу, ғылыми баяндама) Ғылыми мәліметтер базасы: іздеу сұрауын құрастыру ережелері, кілт сөздерді іздеу, отандық және шетелдік мәліметтер базасы. Amazon каталогтары, отандық және шетелдік ғылыми баспалар арқылы іздеу. Академиялық қоғамдастықтың құрылымы: ғылыми орталықтар, баспалар, журналдар. Қазіргі академиялық кеңістіктегі бағдарлау. Библиографиялық сипаттаманы құрастыру ережелері..</p>											
21	БП	ЖК	Микроэкономика және макроэкономика	<p><b>Пәннің мақсаты:</b> нарықтық экономика субъектілерінің мінез-құлқын объективті бағалау және білім алушылардың бизнес-ортада өзін-өзі табысты жүзеге асыруы үшін микроэкономика мен макроэкономиканың әдістері мен модельдерін зерттеу</p> <p><b>Пәннің мазмұны:</b> Нарық механизмі, сұраныс пен ұсынысты талдау. Тұтынушылардың мінез-құлқының теориясы. Өндіріс</p>	5				v						

				теориясы. Өндірістік шығындар. Монополия, олигополия, монополиялық және жетілген бәсеке жағдайындағы фирманың мінез-құлқы. Өндіріс факторлар нарықтары. Сыртқы әсерлер. Қоғамдық тауарлар. Макроэкономикалық көрсеткіштер. Экономикалық циклдар, жұмыссыздық, инфляция. Жиынтық сұраныс және жиынтық ұсыныс. Тұтыну және жинақтау. Ақша нарығы. Экономикалық өсу. Халықаралық сауда. Төлем балансы. Айырбас бағамы..											
22	БП	ЖК	Оқу практикасы	<p><b>Мақсаты.</b> Жоғары оқу орындары студенттерінің оқу (кіріспе) тәжірибесінің мақсаты – оқу процесінде алған теориялық білімдерін бекіту және тереңдету, зерттеудің алғашқы дағдыларын, жүргізу дағдыларын меңгеруді қамтитын бастапқы кәсіби құзыреттіліктерді меңгеру. іскерлік хат алмасу, оқу мамандығына сәйкес практикалық дағдылар мен жұмыс дағдыларын меңгеру.</p> <p><b>Мазмұны</b> Оқу практикасы оқу жоспарына сәйкес мерзімде жүргізіледі. Оқу практикасының ұзақтығы-1 апта. Тәжірибе алдында "Қаржы" кафедрасы жұмыстың мақсаты, міндеттері мен мазмұнын түсіндіру бойынша конференция өткізеді, әр студентке бағдарлама, күнделік және жеке тапсырма беріледі</p>	1				v						v

23	Басқару және бизнес негіздері	БП	ЖК	Менеджмент	<p><b>Мақсаты:</b> Ұйымда басқарушылық қызметті жүзеге асыру білімі мен дағдыларын қалыптастыру, көшбасшылық және басқарушылық қасиеттерді дамыту.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Эволюция, негізгі ұғымдар мен басқару мектептері. Ұйымдастыру теориясы және оның дамуы. Басқарудың әдістемелік негіздері. Ұжымның қалыптасуы және дамуы. Ішкі және сыртқы орта. Менеджердің қасиеттері және оның ұйымдағы рөлі. Көшбасшылық: көшбасшылық стилі және басқарушылық имиджі. Ұйымның бәсекеге қабілеттілігін бағалау. Кәсіпкерлік және менеджмент. Басқаруды ақпараттық-коммуникациялық қамтамасыз ету. Басқару шешімдерін әзірлеу. Жанжалды, стрессті және өзгерістерді басқару. Басқару әрекетінің мәдениеті. Басқару функциялары. Басқару тиімділігі</p>	4									v	v	
24		БП	ТК	Маркетинг	<p><b>Мақсаты</b> - маркетингтің теориялық негіздерін, тұжырымдамалық аппаратын зерттеу, компаниялардың қызметінде маркетингтің элементтері мен принциптерін қолданудың практикалық дағдыларын игеру.</p> <p><b>Мазмұны.</b> Маркетингтің теориялық негіздері. Маркетингті басқару. Маркетингтік зерттеулер және маркетингтік ақпарат. Маркетингтік орта. Нарықтар және</p>	4									v		

				<p>тұтынушылардың сатып алу тәртібі. Нарықты сегменттеу және өнімді орналастыру. Тауарлар мен жаңа тауарларды, тауар саясатының стратегиясын әзірлеу. Міндеттері, баға саясаты; баға стратегиялары. Тарату арналары және тарату. Байланыс және ынталандыру стратегиясы. Тауарларды жылжыту, байланыс саясаты. Стратегия, жоспарлау, бақылау. Халықаралық маркетинг. Коммерциялық емес қызмет маркетингі және маркетинг.</p>													
25		БП	ТК	<p>Экономиканы мемлекеттік реттеу</p>	<p><b>Пәннің мақсаты:</b> студенттерді заманауи экономиканың жұмыс істеу қағидаттарымен таныстыру, нарық жұмысының тетіктерін және мемлекеттің экономиканың жұмыс істеуіне әсер ету тәсілдерін зерделеу.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Экономиканы мемлекеттік реттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері. Мемлекеттік реттеу нысандарының жалпы сипаттамасы. Болжау және стратегиялық жоспарлау Экономиканы мемлекеттік реттеудің негізгі әдістері ретінде. Экономиканы реттеудің фискалдық әдістері. Экономиканы ақша-несиелік реттеудің негізгі тетіктері.. Ғылыми-техникалық прогресс және оны жеделдетудегі мемлекеттің рөлі. Мемлекеттің құрылымдық, өнеркәсіптік және инвестициялық саясатын қалыптастыру және жүзеге асыру тетіктері. Аграрлық саланы мемлекеттік реттеу. Жұмыспен</p>											v	v

				қамтуды және халықты әлеуметтік қорғауды мемлекеттік реттеу.														
26	БП	ЖК	Кәсіпорын экономикасы	<p><b>Пәннің мақсаты</b> - шаруашылық жүргізудің нарықтық жағдайында кәсіпорынның қызмет етуінің экономикалық механизмдерін зерттеу негізінде студенттердің экономикалық ой-өрісін дамыту.</p> <p><b>Пәннің мазмұны:</b> Кәсіпорын – шаруашылық нысаны, экономикалық жүйенің негізгі буыны. Кәсіпорынның кәсіпкерлік қызметі. Кәсіпорынның негізгі капиталы. Кәсіпорынның айналым капиталы. Кәсіпорынның материалдық ресурстары және оларды пайдалану тиімділігі. Кәсіпорынның еңбек ресурстары. Кәсіпорындағы еңбек ақы. Кәсіпорынның инвестициялық және инновациялық қызметі. Кәсіпорынның өндірістік қызметін жоспарлау. Кәсіпорынның маркетингтік қызметі. Өнімнің және кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі. Өнімді өндіру және өткізу шығындары. Кәсіпорын қызметінің қаржы нәтижелері. Кәсіпорын қызметінің экономикалық тиімділігі.</p>	4									v	v			
27	БП	ТК	Бизнес-коммуникациялар	<p><b>Мақсаты:</b> кәсіби қызметте тиімді іскерлік байланыстар орнатуға ықпал ететін коммуникативтік құзыреттілікті дамыту.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Бизнес-</p>	4										v	v		

				<p>коммуникациялар, олардың мәні мен сипаттамалары. Байланыс процесі: мазмұны, элементтері және кезеңдері. Искерлік коммуникацияның нысандары мен түрлері. Искерлік хат алмасу. Искерлік әңгімелер мен кеңестер. Искерлік келіссөздер. Искерлік коммуникацияның заманауи формалары. Көшбасшының қарым-қатынас мәдениеті. Искерлік коммуникация этикасы мен этикеті. Ұйымдастырушылық коммуникацияларды басқару. Маманның имиджі және сәтті қарым-қатынас құпиялары. Коммуникациялардың тиімділігі, оны бағалау критерийлері және арттыру факторлары.</p>																
28		БП	ТК	<p>Бизнесі модельдеу</p> <p><b>Мақсаты:</b> заманауи бизнес-модельдерді құру және ұйымдастыру үшін әдістерді, құралдарды, технологияларды пайдалану саласындағы білімді жүйелеу және практикалық дағдыларды қалыптастыру.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Бизнес-процесс басқару объектісі және оны оңтайландыру қажеттілігі ретінде. Бизнесі модельдеудің теориялық негіздері, жалпы сипаттамасы және негізгі принциптері. Бизнесі модельдеу технологиясы мен әдістемесі. Бизнес-процестерді құрылымдық</p>															v	v

					талдау және модель картасын құру. Бизнес-модельдердің стратегиялық және құндық талдауы. Бизнес-модельдерді басқару. Көк мұхиттың бизнес моделі және стратегиясы. Іскерлік модельдеудің тиімділігі. Бизнес-процестерді жетілдіру әдістері мен құралдары.											
29	Есеп және қаржы негіздері модулі	БП	ЖК	Қаржы	<p><b>Пәннің мақсаты:</b> Қаржы теориясы мен практикасының негіздерін зерделеу және студенттердің қаржылық, валюталық, ақшалай, сондай-ақ елдің қаржы жүйесінің құрамдас элементтерін қолдана білуге үйрету.</p> <p><b>Пәннің мазмұны:</b> Қаржының мәні мен функциялары. Қаржы жүйесінің құрылымы. Қаржы саясаты және оның механизмі. Қаржылық басқару құралдары. Қаржылық бақылаудың нысандары мен әдістері. Мемлекеттік несиенің нысандары. Үй шаруашылығының қаржысы. Сақтандырудың мәні мен саласы. Мемлекеттік бюджеттің функциялары. Бюджеттен тыс қорларды тағайындау және жіктеу. Бюджеттен тыс қорлардың функциялары. Қаржылық жоспарлау және болжау. Сыртқы экономикалық байланыстарды қаржыландыру. Инфляцияны болжауға және үлкен деректерді талдауға жасанды интеллект енгізу</p>	4				v	v					

30	БП	ТК	Ақша, несие, банктер	<p><b>Пәннің мақсаты:</b> Ақшаның, несиенің, банктер туралы теориялық және практикалық сұрақтарды оқып білу. Ақша мәнін, атқаратын қызметтерін білуі, ақша айналысы, ақша жүйесі ұғымдарын меңгерту. Ақша, несие және банктер ұғымдарын, принциптерін және теориясын іс жүзінде қолдана білу.</p> <p><b>Пәннің мазмұны:</b> Ақшаның мәні мен қызметтері. Ақша айналымы, ақша айналымы және ақша жүйесі. Несиелік капитал, пайыз және несие. Несиелік мекемелердің түрлері. Банктік емес несиелік мекемелер, мазмұны және түрлері. ҚР Ұлттық банкінің қызметі мен операциялары. Коммерциялық банктер, олардың функциялары және қызметін ұйымдастыру. Халықаралық валюталық және несиелік институттар</p>	5				v	v				
31	БП	ТК	Экономиканы ақша-несиелік реттеу	<p><b>Пәннің мақсаты:</b> ақша-несие қатынастары саласындағы теория мен практиканың негіздерін оқып-үйрену, мемлекеттің экономикалық саясатының құрамдас бөлігі ретінде ақша-несиелік реттеу туралы студенттер арасында білім жүйесін қалыптастыру. Бұл мақсатқа жету үшін тәрбиелік, дамытушылық және тәрбиелік міндеттер кешенін қалыптастыру.</p> <p><b>Пәннің мазмұны:</b> Ақша-несиелік реттеудің мәні және оны ұйымдастырудың негіздері. Экономиканы мемлекеттік</p>				v	v					

				реттеудегі ақша-несиелік реттеудің орны. Ақша-несие саясатының теориялық негіздері. Ақша-несиелік реттеудің құралдары. Инфляциялық процестерді реттеудегі банк жүйесінің рөлі. Қолма-қол ақша айналымын басқарудағы халықтың ақшалай кірістері мен шығыстары балансының рөлі. Шет елдердегі ақша-несиелік реттеу..											
32	БП	ЖК	Бухгалтерлік есеп	<p><b>Пәннің мақсаты:</b> бухгалтерлік есептің қағидаларын және оның элементтері мен әдістерін, қаржылық есептіліктің элементтері мен нысандарын, бухгалтерлік есептің теориялық және әдістемелік негіздерін білу.</p> <p><b>Пәннің мазмұны</b> Ұйымды басқару жүйесіндегі бухгалтерлік есеп. Бухгалтерлік есеп пәні мен әдісі. Бухгалтерлік баланс. Шоттар жүйесі және екі жақты жазу. Бухгалтерлік есептегі құжат айналымын ұйымдастыру. Ақша қаражаттары және инвестициялар есебі. Дебиторлық берешек есебі. Қорлар есебі. Ұзақ мерзімді активтер есебі. Ұйымдардағы міндеттемелер есебі. Капитал мен резервтер есебі. Кірістер мен шығыстар есебі. Қаржылық есептілікті дайындау және ұсыну.</p>	4			v							v
33	БП	ТК	Статистика	<p><b>Пәннің мақсаты:</b> зерттеу әдістемесі: жалпы принциптері, әдістері, статистикалық деректерді жинау, өңдеу және талдау әдістері, массалық қоғамдық құбылыстар мен</p>	4			v							

				<p>процестерді дамытуға тенденциялары мен заңдылықтарын олардың сандық сипаттамалары зерттеу.</p> <p><b>Мазмұны.</b> Статистика пәні мен міндеттері. Статистикалық бақылау. Статистикалық мәліметтерді жинақтау және топтау. Абсолютті және қатысты шамалар. Орталық тенденция өлшемдері және вариация көрсеткіштері. Ішінара бақылау. Динамикалық қатарлар. Индекстер. Динамика факторларын талдаудың индекстік әдісі. Қоғамдық құбылыстардың өзара байланыстылығын статистикалық зерттеу. Интервалдық – пропорционалды айнымалылар арасындағы ассоциация. Халық статистикасы. Еңбек ресурстарының статистикасы. Ұлттық шоттар жүйесі, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер. Халықтың өмір сүру деңгейінің статистикасы.</p>											
